

**Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 472 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1128 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1128 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 23-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2014	жылғы	11
№	472	мамырдағы
	қаулысымен	
бекітілген		

**Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 23-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу тәртібін айқындайды.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің деректер базасында қамтылған ақпарат п а й д а л а н ы л а д ы .

3. Жылдық орташа сан және жылдық орташа табыс автоматты түрде Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімімен есептеледі.

## **2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын есептеу тәртібі**

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын есептеу үшін Заңның 6-бабы 7-тармағына сәйкес салық есептілігінде көрсетілетін жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің саны туралы деректер п а й д а л а н ы л а д ы .

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жұмыскерлердің он екі айдағы санын он екіге бөлгендегі сома ретінде есептеледі.

6. Жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жұмыс істеуінің бірінші жылынан бастап келесі жылдың 15 қарашасына дейін жұмыскерлердің жылдық орташа санын есептеу жүргізілмейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын бірінші рет есептеу осы субъектілер бірінші жылдық салық есептілігін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

## **3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жылдық орташа табысын есептеу тәртібі**

7. Жылдық орташа табыс есебіне жеке кәсіпкерлік субъектілерінің салық есептілігінен мынадай ақпарат алынады:

- 1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жиынтық жылдық табысы;
- 2) арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің т а б ы с ы .

Қызметін ойын бизнесі саласында жүзеге асыратын, шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын, тіркелген салықты және жер салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жылдық орташа табысы есептелмейді.

8. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 85-бабында көзделген жеке кәсіпкерлік субъектілері табыстарының барлық түрлері, сондай-ақ патент немесе оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің табыстары жеке кәсіпкерлік субъектілерінің

жылдық орташа табысына кіреді.

9. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің жылдық орташа табысы соңғы үш жылғы жиынтық жылдық табысын немесе арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектісінің табысын үшке бөлгендегі сома болып табылады.

10. Жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жұмыс істеуінің бірінші жылынан бастап келесі жылдың 15 қарашасына дейін жылдық орташа табыс есептелмейді.

Жылдық орташа табысты бірінші рет есептеу осы субъектілер бірінші жылдық салық есептілігін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда жылдық орташа табыс бір жылғы жиынтық жылдық табыс немесе арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектісінің табысы болып табылады.

11. Екі жыл бойынша салық есептілігін тапсырған жеке кәсіпкерлік субъектісінің жылдық орташа табысы екі жылғы жиынтық жылдық табысты немесе арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектісінің жылдық табысын екіге бөлгендегі сома болып табылады.

12. Жұмыс істемейтін, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық есептілігін беруді тоқтата тұрған субъектілер бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жылдық орташа табысын есептеу осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.